

MPHTI 06.77.55
JEL R23.O15.F22

MODERN MIGRATION THEORY: CONCEPTUAL APPROACHES

A. Dzhunussov¹, S. Yessetova², B. Begassilov¹

¹ Narxoz University, Almaty, the Republic of Kazakhstan

² Eurasian Center for Economic and Legal Research,
Almaty, the Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of our research is international migration theorists to pay special attention to because it is based on a «nation».

The methodological basis of the work is based on general principles and methods of scientific knowledge.

The results of the study are that modern migration theories acknowledge the existence of different migratory flows, explore immigration and emigration in large systems and networks, and are capable of theoretically considering movement, mobility, and their effects.

Extensive research is needed to understand migration processes and all approaches must be taken into account.

Keywords: Migration, population mobility, migration concept, immigration, emigration.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КӨШІ-ҚОН ТЕОРИЯСЫ: ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕЛЕР

А.М.Джунусов¹, С.К.Есетова², Б.Т.Бегасилов¹

¹ Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

² Еуразиялық экономикалық және құқықтық зерттеулер орталығы,
Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты халықаралық көші-қон теоретиктері үшін маңызды «ұлт» мәселесіне көңіл бөлу.

Жұмыстың әдіснамалық негізі жалпы принциптермен және ғылыми таным әдістерімен негізделген.

Көші-қонның қазіргі заманғы теориялары әртүрлі көші-қон ағындарының бар екендігін мойындайды, ауқымды жүйелер мен желілердегі иммиграция мен эмиграцияны зерттейді, қозғалыс, ұтқырлық және оның әсерлерін теориялық тұрғыда қарастыруға қабілетті болып табылады. Қорыта айтсақ, көші-қон үдерістерін түсіну үшін ауқымды зерттеулер қажет және онда барлық тәсілдемелер ескерілуі керек.

Тірек сөздер: Көші-қон, халықтың ұтқырлығы, көші-қон тұжырымдамасы, иммиграция, эмиграция.

КІРІСПЕ

Әлеуметтік ғылымдардағы теориялардың міндеті әлеуметтік құбылыстарды зерттеудің сараптама-лық шеңберін айқындау болып табылады. Көп жағдайда саясаткерлер мен үкіметтердің, бұқаралық ақпарат құралдарының көші-қон туралы түсініктері орын алған мәселенің шешімін табу немесе қандай да бір құбылысты түсіндіру қажеттілігіне негізделген.

Ал ғалым үшін көші-қон - зерттелуі біздің адам өмірі туралы түсінігімізді кеңейтетін әлеуметтік үдерістермен, әрекеттермен, схемалармен, механизмдермен байланысты әлеуметтік құбылыс [1]. Зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес біз ерекше көңіл бөлетін халықаралық көші-қон тео-

ретиктер үшін маңызды мәселе болып табылады, өйткені оның негізінде «ұлт» тұр. Ғалымдар мемлекеттің көші-қон үдерісіне мониторинг жасау, бақылау және шектеу қою талаптарынан туындайтын көші-қонды түсіндіруге деген ұмтылысқа қарамастан халықаралық көші-қонды зерттеу үстінде, өйткені ол әртүрлі жолмен қоғамды өзгертуге, байытуға, бәсекелестік пен өзгерістерді тудыруға қабілетті.

Осылайша көші-қон бірегейлік, қатысты болу, тұрғылықты жер, ресурстар, әлеуметтік ұйымшылдық пен әлеуметтік жікке бөліну мәселелерін көтереді [2].

Адамзат баласының тарихы секілді көші-қонның өз тарихы болса да, соңғы онжылдықтарда халықаралық көші-қонның көлемі айтарлықтай өскені күмән тудырмайды. Бұған Біріккен Ұлттар Ұйымының, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының, Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымының, сондай-ақ басқа да бақылаушы органдар мен статистикалық агенттіктердің мәліметтері дәлел болады [3].

Халықаралық көші-қон қазіргі заманғы қоғамның қалыпты белгісі болып табылады. Сондықтан оның әлеуметтану және антропология, адамзат географиясы мен демографиясы, саясат және халықаралық қатынастар, экономика және құқықтану, тіпті мәдениеттану мен өнер саласындағы ғалымдардың көптеген пәнішілік және пәнаралық зерттеулерінің негізі болуы таң қалдырмайды. Нәтижесінде – көптеген эмпирикалық білімдер, көші-қон териясындағы тәсілдемелердің эклектикалық қосындысы [4].

Сондықтан біз әртүрлі көші-қон теорияларын біріктіру мүмкіндігін қарастыру мақсатында осыған көңіл бөлеміз.

КЛАССИКАЛЫҚ ЕМЕС ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯЛАР

Көші-қон саласын теориялық зерттеулердің басты назарында орын ауыстыру үдерісі немесе реттеу үдерісі болды. Қозғалыс үдерісіне қатысты экономикалық теориялар басымдылық танытты. Олардың негізін қалаушы Эрнест Джордж Равенштейн болып табылады [5]. Көптеген жылдар бойы адамдардың орын ауыстыруын, қозғалысын зерттеген Равенштейн адамдардың жүріс-тұрыс заңдылығын түсіндіруге тырысты. Ол адамдар ағынына тығыз қоныстанған аудандардан азырақ қоныстанған аудандарға, кедей елдерден бай-қуатты елдерге және еңбек ақысы төмен аудандардан еңбек ақысы жоғарырақ аудандарға қарай бағытталған үрдісін тән екенін байқаған.

Осыған байланысты Равенштейн қолайлы және қолайсыз экономикалық жағдайлар адамдарды болжамды бағыттар бойынша қозғалуға итермелейді деген қорытындыға келеді және осы кезден бастап осы ерекшеліктерді іздеу көші-қонды зерттеудің мақсатына айналды.

Кейінгі заманауи зерттеулерде экономикалық факторларға көбірек көңіл бөлінеді, бірақ басқа факторлар да мойындалуы мүмкін. Адамдарды туған елін тастап кетуге мәжбүрлейтін «итермелеу» факторларының қатарына: саяси қысым көрсету, өмір сүру деңгейінің төмен болуы және экономикалық мүмкіндіктердің төмендігі жатуы мүмкін. Мигранттарды басқа жерге тартатын «тарту» факторлары ретінде жұмысшы күшіне деген сұранысты, өмір сүру деңгейін көтеру мүмкіндігін, сондай-ақ саяси еркіндікті қарастыруға болады.

Осы сұраныс пен ұсынысқа негізделген неклассикалық тәсілдеме қолданылатын жағдайларда ол көбінесе жанама түрде адамның жүріс-тұрысын рационалды таңдау үлгісін пайдаланады. Ол үлгі бойынша шамамен рационалды, пайда табуды маңызды деп санайын индивидтер өз шешімдерін қабылдас бұрын әртүрлі нұсқалардың шығындары мен пайдасын есептейді.

Мысалы, Барри Чизвик кім қозғалыста екенін анықтау үшін көші-қон тұрғысынан себептерін, қабілеттері мен дағдыларын салыстыра отырып, сандық эмпирикалық мәліметтер негізіндегі теориялық үлгілерді тестілеу әдіснамасын қолданады. Ол барлық мигранттар «орта есеппен алғанда өзінің туған жерінде қалуды қалайтын адамдарға қарағанда қабілеттірек, мансапқор, адуанды, қайсар, іскер, денсаулықтары мықтырақ» деген қорытындыға келеді [6].

Макроэкономика тұрғысынан алсақ, көші-қонға қатысты бұл көзқарас әсебап нарықтағы жұмысшы күшіне деген жаһандық ұсыныс пен сұраныстағы әмбебап адамзат баласын анықтайды. Әмбебап нарықта еңбек нарқы үлкен, еңбек ақысы жоғарырақ және жұмысшылар саны азырақ елдер еңбек ақысы төменірек және жұмыс саны азырақ елдер жұмысшыларының назарын өздеріне аударады.

Сонымен итермелеу/тарту теориясы саяси либералды көзқарасты ұстанады. Олардың ойынша, егер көші-қон ағындарының табиғи түрде жұмыс істеуін қалдырса (рационалды индивидтің іс-әрекеті мен таңдауына сүйенетін), онда ашық көші-қон нарқы өзіндік тепе-теңдікке қол жеткізеді, өйткені анағұрлым кедей индивидтер ең бай елдерге бет түзейді және адамдардың үлкен бөлігі халық аз қоныстанған аудандарға көшеді.

Шындығына келсек, экономикадағы итермелеу/тарту үлгісі көші-қонның себептеріне әсер ететін көптеген факторларды, соның ішінде тарихи қатынастарды, отбасы және қоғамдастық динамикасын, көшуді ұйымдастыру арқылы көші-қонның дамуына ықпал ететін дәнекерлердің рөлін, сондай-ақ, жұмысшы күшін жинау, рұқсат беру (бермеу), босқындар мен бассауғалаған тұлғаларға қатысты саясат ұстану және азаматтық құқықтарын анықтаудағы мемлекеттің рөлін назардан тыс қалдырады.

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОСАРЛАНҒАН/ СЕГМЕНТТЕЛГЕН ЕҢБЕК НАРҚЫ ТЕОРИЯЛАРЫ

Жаңа экономикалық теориялар және қосарланған/ сегменттелген еңбек нарқы теориялары көші-қон үдерісін түсіндіретін рационалды таңдауға негізделген экономикалық теориялардың нақтылануы болып табылады.

Қосарланған/ сегменттелген еңбек нарқы теориясы дамыған елдер экономикасының дуалисті немесе сегменттелген табиғаты теориясына жатады. Бұл теория бойынша жұмыстың басым бөлігі (бастапқы еңбек нарқы) қауіпсіз, тұрақты және еңбек ақысы жоғары деп ұйғарылады, алайда осы экономикалардың нақты сипаты кей кездерде тұрақсыз, уақытша немесе маусымдық, қауіпті және төлем ақысы төмен жұмыстардың пайда болатынын көрсетеді.

Екінші кезектегі еңбек нарқы ретінде қарастырылатын бұл жұмыс орындары қысқа мерзім аралығында толықтырылуды жиі қажет етеді және көп жағдайда олардың қауіпті болуына байланысты жергілікті тұрғындарға қажетті болмайды, сондықтан жұмысшы күшін уақытша шетелдерден тартады. Осындай жағдайда көші-қон мәселесін теориялық тұрғыда түсіндіру әрекет етуші тұлғалардың рационалды таңдауы негізінде орын алады десе де, басымдылық себебін нарықтарға береді.

Бұл тәсілдеме сыни тұрғыда емес, үстірт және саяси жағынан либералды: индустриалды экономикаларды «арзан жұмысшы күшін тойымсыз қажет етушілер» [7] ретінде сипаттайды, ал мигранттар болса, қысқа мерзімде пайда табу үшін пайдаланылатын еркін көпшілік түрінде қарастырылады. Бұл тәсілдеме жұмысшы-мигранттардың көп жағдайда орнығуға және ұзақ мерзімді қауіпті және төлем ақысы төмен жұмыстарды «бөліп алуға» ұмтылатындары туралы фактілерге мән бермейді. Сонымен қатар, көптеген мигранттардың өздерінің бастама көтеруі негізінде қозғалатыныны және басқа жағдайда болмайтын жұмыс орындарын қалыптастыратыны туралы фактіге де назар аудармайды.

Көші-қонның жаңа экономикалық теориялары жеке тұлғалардың іс-әрекетін айқындауда итермелеу/тарту факторларының (көбінесе экономикалық) маңызды рөл атқаратынын бұрынғыдай мойындайды. Алайда олар көші-қонға жағдай жасайтын және кедергі келтіретін көптеген аралық айнымалыларға да мән береді. Көші-қонға байланысты зерттеулер қаржылай және эмоционалдық қолдау көрсету арқылы мигранттардың орын ауыстыруы мен мекендеуіне көмектесетін ауқымды желілердің (отбасылар мен достар), сондай-ақ, көші-қонды ынталандыратын және жеңілдететін екі жақты байланыстырушылар мен брокерлердің, жалдаушылар мен агенттіктердің рөліне де көңіл аударады. Оларды көбінесе итермелеуге/тартуға кедергі келтіру немесе жағдай жасау тұрғысында қарастырған.

Индивидуалды сезімдер мен эмоциялар, өз үйін, отбасы мен достарын тастап кету немесе тастамау секілді күрделі шешімдермен қатар жүретін сағыныш сезімі және уақыт өте келе мәдениеттің, қоғамдастық пен қарым-қатынастың ықпалымен осы көзқарастар мен ойлардың қалай қалыптасатыны әдетте назардан тыс қалатын.

Мысалы, Филлип Мартин өзі АҚШ иммиграцияның дағдарысы деп атаған құбылыстың себептерін зерттей отырып, «итермелеу/тарту» факторлары батареяның полюстарына ұқсас деген пікір білдіреді, автомобильді жүргізу немесе миграция ағынын бастау үшін олардың екеуі де қажет. Басталғаннан кейін

желілер секілді аралық айнымалылар кімнің қайда қоныс аударатынына ықпал етеді [8]. Ф.Мартиннің пікірінше, егер мемлекет осы саланы бақылауда ұстағысы келсе, ол барлық үш аспектімен де айналысуы тиіс.

Көші-қон үдерісінің кейбір эмпирикалық зерттеулері нақты бір теорияны немесе тәсілдемені ашық түрде ұстанады және кейбіреуі ғана көші-қон әрекеті итермелеуді/тартуды есептеуге негізделген кедергісіз шешімдердің нәтижесі болып табылатынын ұйғарады.

Дегенмен, саналы таңдау жасау немесе индивидуалды түрде қабылданған шешімдер негізінде әрекет ететін агенттерге де жиі мән беріледі. Бұған көші-қонды қоғамдастық, жұмыс, тіпті отбасын біріктіру үшін жақсы өмірді іздеу тұрғысында қарастыратын зерттеулер дәлел болады.

ӘЛЕМДІК ЖҮЙЕЛЕР ТЕОРИЯСЫ

Әлемдік жүйелер теориясы керісінше жеке агенттерге қарағанда ауқымды жүйелерге көбірек көңіл бөледі. Бұнда әлемнің өзін біртұтас капиталистік жүйе ретінде сыни тұрғыда қарастыруға болады. Онда кедей ұлттар, шет аймақтар жүйенің негізін құрайтын қуатты және бай ұлттарды қолдау үшін арзан жұмысшы күшінің тұрақты ұсынысын қамтамасыз етеді [9]. Жаһандық капитализмнің қазіргі кездегі сыншыларының көпшілігі басшылыққа алатын осы тәсілдеме кейбір елдердің кедей болуын билікке, тәуелділік пен қарыз болуға қатысты тарихи қатынастар тұрғысында түсіндіреді. Маркстік саяси эконмиканы негізге ала отырып, жаһандық теңсіздікке айрықша көңіл бөледі және көші-қонды жүйенің сақталуына ықпал ететін басты ерекшелік ретінде қарастырады.

Әлемдік жүйелер теориясы «итермелеу/тарту» тәсілдемесіне қайшы келмейді, нақтырақ айтсақ, құрылымдық көзқарас тұрғысында жеке тұлғалардың әрекетін түсіндіру үшін сыни және жаһандық тәсілдеме қолданады. Бұнда көші-қон Үшінші әлемдегі үстемдіктің әскери және экономикалық бақылаумен тығыз байланысты элементі болып табылады [10]. Бұл тәсілдеме әсіресе 1960-шы және 70-ші жылдарда, бұрынғы отарлық маршруттарды кері шегерген және жаппай орын алған көші-қон ең үлкен қорқыныш пен академиялық қызығушылық тудырған кезде, ерекше байқалады.

КӨШІ-ҚОН ЖЕЛІЛЕРІ ТЕОРИЯСЫ

Жоғарыда қарастырылған теориялар еңбек көші-қоны мен белгіленген жаңа жерге бір рет орын ауыстыруға көңіл бөле отырып, көші-қон қозғалысын біршама үстірт түсіндіреді. Сонымен қатар, олар құрылымдар мен агенттер арасындағы күрделі қатынасты теориялық тұрғыда қарастырмай, құрылымдық немесе іс-әрекетке бағдарланған тәсілдемеге басымдылық береді. Олар уақыт өте пайда болып жатқан, орын алған, шоғырланған, сипаттамалары мен формалары өзгеріске ұшыраған күрделі көші-қон үдерістерін талдауда жеткіліксіз болады.

Көші-қонды зерттеушілер әлеуметтік құрылымдармен қатар, жеке адамның іс-әрекетінің, сондай-ақ аралық деңгейдегі агенттер мен байланыстырушылардың шешім қабылдау үдерісіндегі рөлін және көші-қонның нәтижелерін талдау үшін пәнаралық зерттеулер жүргізеді [11]. Бірақ, осы күрделі үдерістерді түсінудің макро-теориялық негізін қалыптастырудың орнына, олар күрделілік көші-қон жүйелері мен желілеріне тән деп ұйғарады.

Сонымен, көші-қон желілері теориясы қозғалыстарға кластерлену тән және олардың дөңгелек түрінде болуын, ауқымды контекст пен жүйелерде қалыптасу мүмкіндігін мойындайды. Көші-қон үдерістерін түсіну индивидумнан жағдайлардың ауқымды және өзара байланысты жиынтығына – жеке агент кіретін ауқымды жүйе немесе желіге ауысуды қамтиды.

Мысалы, мексикандықтардың АҚШ-ғы көші-қоны XX ғасырдың басында АҚШ-тың оңтүстік батысында ауқымды экспазия жүйесінің орын алғанын көрсетеді. АҚШ азаматтарының зейнеткерлікке шығу үшін Мексикаға қоныс аударуын қосу арқылы бұл жүйелік талдауды жалғастырудың өзі қызығушылық тудырады [12].

Бұл тәжірибелер көші-қон жүйелерінің шеңберінен шығып, мета-теориялық құрылымды қамтамасыз етеді. Біз оның ауқымында қоғамдастықтар мен желілердегі іс-әрекеттер мен тәжірибе арқылы құрылымдардың қалыптасуы мен қайта қалыптасуын түсіне аламыз.

АССИМИЛЯЦИЯ ЖӘНЕ МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМ

Зерттеушілер үшін жаңа жерге қоныс аудару үдерістері тұрғысынан қарастыратын басты мәселе мигранттардың жергілікті мәдениет пен қоғамдастыққа ассимиляциялану деңгейін анықтау болып табылады. Алғашқы зерттеушілер көші-қон мәдени біртектілікке, яғни ұлттық мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіреді деп ұйғарды, ал көші-қонның теориялық негізін мигранттың ассимиляциялануы мен бейімделінуі тұрғысынан жүзеге асырды. Мәселенің мәні мынада, көптеген жағдайда тұрғылықты халықтың топтарын азшылықтың ассимиляцияланбаған топтары ретінде қабылдады, сондықтан мигранттар азшылық ретінде, ал азшылық жат, бөтен адамдар ретінде қарастырылды. Бэбби [13] атап өткендей, «иммигранттар мен олардың балалары сөзсіз американдық мәдениетке ассимиляцияланады және өздерінің «дәстүрлі» мәдениетінен алшақтайды, өйткені олар Американың әлеуметтік-саяси өміріне қатысты болады». Бұндай жағдайда тіпті бөтен топ өзінің өзгешелігі мен өзінің құндылықтарын қорғай отырып, экстремистік, жау немесе қауіпті деп бейнеленеді.

Уақыт өте келе үкіметтер мигранттар тұрақты негізде қоныстана алады және бұл экономика тұрғысын алғанда тиімдірек деген қорытындыға келді. Осы орайда ғалымдар теориялық құрал ретінде мультикультуризмге сілтеме жасай отырып, реттеу үдерісін қарастыра бастайды. Ол көші-қонның эмпирикалық және сыни тұрғыдағы зерттеулерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл жерде теоретиктер топтардың әртүрлі мәдениеттердің қандай да бір элементтерін сақтай отырып, сонымен бірге бірдей құқықтар мен міндеттерді мойындай келе, олардың қатар өмір сүре алатын деңгейін талдайды. Сондай-ақ, зерттеулер мультикультуризмнің бірегейліктегі, әлеуметтік тұтастық пен қақтығыстардағы рөлін сыни тұрғыда қарастырады. Мысалы, АҚШ-та Портес пен Чжоу уақыт өте келе мексикалық мигранттардың негізгі ағында емес, қоғамның маргиналды қабатына ассимиляциялану тәсілдерін сипаттайтын ассимиляцияның сегменттелген формасын теориялық тұрғыда қалыптастырды [14]. Осылайша ассимиляция мен мультикультуризм саясат үшін үлкен маңызға ие болады.

КӨШІ-ҚОН АҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҰТҚЫРЛЫҚ

Көші-қонның алғашқы теоретиктері өз зерттеулерінде басқа формалардан бас тартып, тек еңбек миграциясын қарастырды. Соңғы уақытта ғалымдар сызықты емес, дөңгелек және уақытша ағындарды түсінуге мүмкіндік беретін және әртүрлі типтегі көші-қонды, соның ішінде саяси көші-қонды қамтитын жаңа тұжырымдамалар мен құрылымдарды қалыптастыруда.

Мысалы, көші-қонның жаһандануын қарастыратын зерттеулер тарихи және жаһандық оқиғаларды талдайды. Трансұлтшылдық – салыстырмалы түрде алғанда жаңа тұжырымдама болып табылады. Ол шекара арқылы, сондай-ақ ұлттық мемлекеттер шегінен тысқары және олардың арасында тұрғындардың орын ауыстыру үдерістерін теориялық тұрғыда қарастыруда қолданылады. Алайда әлем тек ұдайы қозғалумен сипатталынбайды, адамдардың басым бөлігі ешқашан, тіпті уақытша да қоныс аудармайды, сондықтан басқа теоретиктер жаһанданудың қарсы ағындарының болуына және қозғалуға шектеу қоюға көңіл бөледі.

Сонымен қатар, көші-қонды жаңа бағыттар бойынша жол бастайтын және нәтижесінде серіктес әйел мен отбасы соңынан еретін пионер ер адамның көзқарасы тұрғысынан қарастыру үрдісі байқалады. Бірақ, әйелдер көші-қоны арта түсуде және ол әрдайым ер адамдардың көші-қонымен байланысты бола бермейді. Феминистік көзқарастарға негізделген көші-қонға қатысты зерттеулерде көбінесе гендерлік мәселеге және әлеуметтік тәртіп пен географиялық теңсіздіктің қалыптасуындағы көші-қонның рөліне көңіл бөлінеді.

КӨШІ-ҚОННЫҢ БІРІКТІРУШІ ТЕОРИЯСЫ

Қазіргі кезде бірқатар ғалымдар көші-қонның бірыңғай біріктіруші теориясының қажеттілігі туралы пікірталастарға қатысуда. Д.Масси және оның әріптестері «Қозғалыстағы әлемдер» еңбегінде халықаралық көші-қон саласына қатысты көптеген теориялық жұмыстарды қарастырып, әлемдік негізгі көші-қон жүйелерін талдау барысындағы олардың тиімділігін бағалаған болатын [15]. Олар барлығын қамтитын көші-қон теориясын қалыптастыруға талпыныс жасаудың орнына, теориялық тәсілдемелерді синтездеу жалпы халықаралық көші-қонды зерттеуді кешенді тәсілдемемен қамтамасыз етеді деген қорытындыға келді. Алайда жеке, дербес қолданылатын тәсілдемелерге қарағанда синтез де әлеуметтік үдерістерді зерттеудің негізін толық қамтамасыз ете алмайды. Нәтижесінде мәдениет және

құрылымдау секілді маңызды элементтерге көңіл бөлінбеуі мүмкін. Сонымен қатар, бұндай синтезде рационалды таңдау теориясы мен әлемдік жүйелер теориясы арасындағы қайшылық секілді маңызды қайшылықтар орын алуы мүмкін.

Американдық мигрантолог Портес әлеуметтік теорияның өзі әлеуметтік өзгерістерді түсінуде көші-қонға қатысты арнайы теориялық тәсілдемесіз жеткілікті болатынын атап өтеді. Бұл пікірді төмендегідей түсіндіруге болады: «Атап айтқанда, қазіргі заманғы мемлекеттер көші-қон тудырған өзгерістер бақылаудан шығып кетпейді және қоғамның негізгі мәдени және құрылымдылық негіздерінде өзгерістер тудырмайды деген кепілдік беретіндей едәуір күшті» [16].

Кейбір теоретиктер көші-қон үдерісін келісімді түрде түсінудің негізгі мәселесі ретінде құрылым мен агенттердің (көші-қон мен мигранттардың) өзара әрекеттесуін теориялық түрде лайықты қарастыруға қабілетті болмау деп анықтайды. Мигранттар таңдау жасайды, алайда ол жағдайлардағы өз таңдауы емес, қоныс аудару арқылы олар қоғамның өзгеруіне ықпал етеді. Бірақ ол өзгерістер әдейі, мақсатты жүргізілген емес және болашақ мигранттарға жаңа жағдайлар жасайды. Қазіргі кезде құрылымдық үдеріс ретіндегі көші-қонға назар аударту үшін әртүрлі талпыныстар жасалуда.

Міне осы соңғы мәселе көші-қонды зерттеуде әлеуметтік теориядан пайда көруді көздеумен үйлестіріле отырып, Карен О'Рейлидің «Халықаралық көші-қон және әлеуметтік теория» еңбегінде қарастырылған [17]. Осы кітапта қарастырылған мета-теориялық құрылым құрылымдау теориясына негізделген және көші-қонның «тәжірибелік тарихынан» мысалдар келтіру оның мақсаты болып табылады, яғни осы көші-қонға тән кейбір үдерістердің – әлеуметтік өмірдің шығармашыл және процессуалды сипатын көрсету және әлеуметтік өмірді дамытуға ықпал ететін құрылымдау үдерістерін айқындау болып табылады.

Құрылымдау теориясын Э. Гидденсом [18] ұсынған. Оның ойынша, әлеуметтік өмір жеке іс-әрекеттердің нәтижесі емес және әлеуметтік құрылымдармен айқындалынбайды. Оның орнына әлеуметтік құрылым адамдардың жасай алатынын және жасай алмайтынын шектейді, тіпті олар жасауға талпынады немесе оны қалайды. Бірақ агенттерде шындығында да еркін ерік бар және адамдардың іс-әрекетінің жүзеге асуына мүкіндік беретін немесе шектейтін сол әлеуметтік құрылымдар да бар. Гидденс үшін бұл екіжақтылық - әрдайым өзара тәуелді және өзара байланысты.

Р. Стоунс құрылымдау теориясының айтарлықтай күшті нұсқасын қалыптастырған [19]. Стоунс кезкелген уақытта мигранттар тап болатын жағдайлар туралы ситуациялық білімге назар аударады. Ол сыртқы құрылымдар – желілер мен қарым-қатынастардың, иерархиялардың рөлі және ресурстарды бөлуді, сондай-ақ нақты мигрант сол салада ие болатын (әрине адамның басқаша ойлау және әрекет етуімен, көші-қон арқылы болашағын жоспарлаумен байланысты), конъюктура үшін өзіндік болып табылатын білімді атап өтеді.

Сонымен, көші-қонның қазіргі заманғы теориялары әртүрлі көші-қон ағындарының бар екендігін мойындайды, ауқымды жүйелер мен желілердегі иммиграция мен эмиграцияны зерттейді, қозғалыс, ұтқырлық және оның әсерлерін теориялық тұрғыда қарастыруға қабілетті болып табылады. Қазіргі кезде мигранттың немесе басқа субъектінің (әлі орын ауыстырмаған, бірақ оны іске асыра алатындарды қоса алғандағы) көші-қон үдерісін толық қабылдауына ықпал ететін макро, микро және мезодеңгейдегі факторларға айрықша көңіл бөлінеді. Көші-қонды зерттеу әдіснамасы үшін бұл тәсілдеменің маңызы зор.

Қорыта айтсақ, көші-қон үдерістерін түсіну үшін ауқымды зерттеулер қажет және онда барлық тәсілдемелер ескерілуі керек. Сонымен қатар, күнделікті өмір тәжірибесіндегі құрылымдардың рөлін тарихи қатынастар мен заманауи ізденістер тұрғысында талдаусыз ауқымды зерттеулердің мәні болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. O'Reilly. K. Migration theories: a critical overview. - Oxford: Routledge. - 2015. - pp. 25-33.
2. Arango J. International migration in the new millennium: global movement and settlement. - Aldershot; Burlington, Vt.: Ashgate. – 2004. - pp. 15-35.

3. Wimmer A., Schiller N.G., 2002. Methodological Nationalism and Beyond: Nation- State Building, Migration and the Social Sciences. *Global Networks*, 2(4), pp. 301-334.
4. Kivisto P. 2001. Theorizing Transnational Immigration: A Critical Review of Current Efforts. *Ethnic and Racial Studies*, 24(4), pp. 549-577.
5. Ravenstein E.G. The Laws of Migration. - New York: Arno Press, 1976.
6. Chiswick B. Are Immigrants Favourably Self-Selected? Migration theory: talking across disciplines. 2nd edn. London: Routledge,. – 2008. - pp. 61-76.
7. Cohen R. Migration and its enemies: global capital, migrant labour and the nation-state. Aldershot: Ashgate. 2006.
8. Martin P.L., 2004. The United States: Benign Neglect Toward Immigration. In: W.A. Cornelius, P.L. Martin and J.F. Hollifield, eds, *Controlling Immigration. A Global Perspective*. pp. 83-99. Stanford CA: Stanford University Press, pp.83-99
9. Wallerstein I.M., 1974. The modern world system. New York; London: Academic Press.
10. Portes A., Walton J., 1981. Labor, class and the international system. New York ; London: Academic Press
11. Castles S., Miller M.J., 2009. The age of migration: international population movements in the modern world. 4th edn. Basingstoke: Palgrave Macmillan.
12. Kiy R., Mcenany A., Civic engagement, volunteerism, and charitable giving: Americans retired in Mexican Coastal Communities. National City, CA: International Community Foundation. 2010.
13. Bagby I., 2009. The American Mosque in Transition: Assimilation, Acculturation and Isolation. *Journal of Ethnic and Migration Studies*, 35(3), 473-490.
14. Portes A. and ZHOU, M., 1993. The New Second Generation: Segmented Assimilation and Its Variants. 530, pp. 74-96.
15. Massey D.S., Arango J., Hugo G., Kouaouci A., Pellegrino A., Edward Taylor J., 1998. *Worlds in motion: understanding international migration at the end of the millennium*. Oxford: Clarendon Press.
16. Portes A., 2010. Migration and Social Change: Some Conceptual Reflections. *Journal of Ethnic and Migration Studies*, 36(10), pp. 1537-1563.
17. O'Reilly K., Stones R, Botterill K. (2104) Lifestyle migration in East Asia: Integrating ethnographic methodology and practice theory' in *Sage Research Methods Cases*, Sage Publications Ltd (viewed 29/07/14), DOI: <http://dx.doi.org/10.4135/978144627305013509192>
18. Giddens A., 1984. The constitution of society : outline of the theory of structuration. Cambridge: Polity
19. Stones R., 2005. Structuration theory. Basingstoke: Palgrave Macmillan. URRY, J., 2007. *Mobilities*. Cambridge: Polity.

REFERENCES

1. O'Reilly. K. Migration theories: a critical overview. - Oxford: Routledge. - 2015. - pp. 25-33.
2. Arango J. International migration in the new millennium: global movement and settlement. - Aldershot; Burlington, Vt.: Ashgate. – 2004. - pp. 15-35.
3. Wimmer A., Schiller N.G., 2002. Methodological Nationalism and Beyond: Nation- State Building, Migration and the Social Sciences. *Global Networks*, 2(4), pp. 301-334.
4. Kivisto P. 2001. Theorizing Transnational Immigration: A Critical Review of Current Efforts. *Ethnic and Racial Studies*, 24(4), pp. 549-577.
5. Ravenstein E.G. The Laws of Migration. - New York: Arno Press, 1976.
6. Chiswick B. Are Immigrants Favourably Self-Selected? Migration theory: talking across disciplines. 2nd edn. London: Routledge,. – 2008. - pp. 61-76.
7. Cohen R. Migration and its enemies: global capital, migrant labour and the nation-state. Aldershot: Ashgate. 2006.
8. Martin P.L., 2004. The United States: Benign Neglect Toward Immigration. In: W.A. Cornelius, P.L. Martin and J.F. Hollifield, eds, *Controlling Immigration. A Global Perspective*. pp. 83-99. Stanford CA: Stanford University Press, pp.83-99
9. Wallerstein I.M., 1974. The modern world system. New York; London: Academic Press.

10. Portes A., Walton J., 1981. Labor, class and the international system. New York ; London: Academic Press
11. Castles S., Miller M.J., 2009. The age of migration: international population movements in the modern world. 4th edn. Basingstoke: Palgrave Macmillan.
12. Kiy R., Mценаны A., Civic engagement, volunteerism, and charitable giving: Americans retired in Mexican Coastal Communities. National City, CA: International Community Foundation. 2010.
13. Bagby I., 2009. The American Mosque in Transition: Assimilation, Acculturation and Isolation. *Journal of Ethnic and Migration Studies*, 35(3), 473-490.
14. Portes A. and ZHOU, M., 1993. The New Second Generation: Segmented Assimilation and Its Variants. 530, pp. 74-96.
15. Massey D.S., Arango J., Hugo G., Kouaouci A., Pellegrino A., Edward Taylor J., 1998. Worlds in motion: understanding international migration at the end of the millennium. Oxford: Clarendon Press.
16. Portes A., 2010. Migration and Social Change: Some Conceptual Reflections. *Journal of Ethnic and Migration Studies*, 36(10), pp. 1537-1563.
17. O'Reilly K., Stones R., Botterill K. (2104) Lifestyle migration in East Asia: Integrating ethnographic methodology and practice theory' in Sage Research Methods Cases, Sage Publications Ltd (viewed 29/07/14), DOI: <http://dx.doi.org/10.4135/978144627305013509192>
18. Giddens A., 1984. The constitution of society : outline of the theory of structuration. Cambridge: Polity
19. Stones R., 2005. Structuration theory. Basingstoke: Palgrave Macmillan. URRY, J., 2007. Mobilities. Cambridge: Polity.

РЕЗЮМЕ

В публикации рассмотрены современные теории миграции с точки зрения различных концепций. Авторы приходят к выводу, что современные теории миграции признают существование разнообразных миграционных потоков, изучают иммиграцию и эмиграцию в более широких системах и сетях, предлагаются теории движения, мобильности, процессов и эффектов.

ТҮЙІН

Мақалада қазіргі заманғы көші-қон теориялары әртүрлі тұжырымдамалар тұрғысында қарастырылады. Авторлар қазіргі заманғы көші-қон теориялары алуан түрлі көші-қон ағындарының бар екендігін мойындайтыны, иммиграция мен эмиграцияны ауқымды жүйелер мен желілер шеңберінде зерттейтіні және көші-қон қозғалысын, ұтқырлығын, үдерістері мен әсерлерін теориялық тұрғыда сараптауға қабілетті екендігі туралы қорытынды жасайды.

SUMMARY

The publication discusses modern theories of migration in terms of various concepts. The authors conclude that modern theories of migration recognize the existence of diverse migration flows, study immigration and emigration in wider systems and networks, are able to theorize movement, mobility, processes and effects.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Джунусов Адиль Мауленович – доктор политических наук, профессор Университета Нархоз, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: adil.dzhunusov@narхоз.kz

Есетова Салтанат Конусбаевна – кандидат юридических наук, старший научный сотрудник, Евразийский центр экономики и права, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: saltanat.yessetova@gmail.com

Бегасилов Бакытжан Тастыбайұлы – докторант PhD, Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан e-mail: begassilov@narхоз.kz